

2013 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 наурыздағы N 71 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 сәуірде N 2930 болып тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2014 жылғы 20 ақпандағы N 6/3170 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 20.02.2014 N 6/3170 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабына сәйкес және «Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 381 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды сатудың 2013 жылға арналған шекті бағалары белгіленсін.

2. Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2013 жылға арналған көлемі осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың 1 тоннасына берілетін субсидияның 2013 жылға арналған мөлшері осы қаулыға 3 қосымшаға сәйкес айқындалсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.Л. Кошелевке жүктелсін.

Облыс әкімі *Б. Сапарбаев*
Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2013 жылғы 28 наурыздағы № 71
қаулысына 1 қосымша

Субсидиялауға жататын бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды сатудың 2013 жылға арналған шекті бағалары

р/с №	Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы	Субсидияланатын бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың бір тоннасын сатудың шекті бағасы, теңге		
		I	II	III
1	Күздік кара бидай	33000	31500	30000
2	Күздік бидай	33000	31500	30000
3	Жаздық бидай	42000	39000	36000
4	Арпа	39000	36000	33000
5	Сұлы	27000	24000	21000
6	Қаракұмық	45000	42000	39000
7	Бұршақ	42000	39000	36000
8	Күнбағыс	120000	105000	90000
9	Картоп	57000	54000	49800
10	Бір жылдық шөп	60000	54000	48000
11	Көп жылдық шөп	225000	222000	210000

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2013 жылғы 28 наурыздағы № 71
қаулысына 2 қосымша

Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2013 жылға арналған көлемі

№ р/с	Қалалардың, аудандардың атауы	Субсидия көлемі, мың теңге
1	Семей	6040
2	Бородулиха	13550
3	Глубокое	3350
4	Көкпекті	2715
5	Ұлан	30350

6	Үржар	1000
7	Шемонаиха	1270
	Облыс бойынша	58275

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2013 жылғы 28 наурыздағы № 71
қаулысына 3 қосымша

Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың 1 тоннасына берілетін субсидияның 2013 жылға арналған мөлшері

р/с №	Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері	Ауыл шаруашылығы дақылдарының сатылған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарының 1 тоннасына берілетін субсидияның мөлшері, теңге		
		I	II	III
1	Күздік қара бидай	22000	21000	20000
2	Күздік бидай	22000	21000	20000
3	Жаздық бидай	28000	26000	24000
4	Арпа	26000	24000	22000
5	Сұлы	18000	16000	14000
6	Қарақұмық	30000	28000	26000
7	Бұршақ	28000	26000	24000
8	Күнбағыс	80000	70000	60000
9	Картоп	38000	36000	33200
10	Бір жылдық шөп	40000	36000	32000
11	Көп жылдық шөп	150000	148000	140000